

Ержан ӨМІРБАЕВ

ЕСКІ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ҮЛГІЛЕРІНДЕГІ ЕСІМ СӨЗЖАСАМ  
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Автор в статье сравнивая объясняет особенности словообразования в средневековых письменных памятниках кыпчакской группы, близкие к казахскому языку «Летопись тюрок» Абиьгазы Бахадур хана и «Жами ат-тауарих» Кадырғали Жалайыри.*

*Yazar orta asır yazı abidelerinin dil bakımından Kıpçak grubundaki Kazak diline oldukça yakın olan Abilgazi Bahadır han'ın "Türk şeceresi" ve Kadırgali Jalayri'nin "Jamiat-Tavarih" eserlerinin söz türetme özelliklerini karşılaştırmalı olarak incelemektedir.*

Орта Азиялық түркі әдеби тіліне тән жазба үлгілердің ішінде дәуірі жағынан да, тілдік ерекшеліктері жағынан да қазақ тіліне жақыны деп – Әбілғазы Бахадүр ханның «Шежіре-и Түрки» (XVII ғ.) және Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих» (XVI ғ.) атты шығармаларын атауға болады. Бұдан кейінгі кезеңдердегі қазақ хандары мен сұлтандарының сырт елдермен өзара жазысқан қатынас қағаздары мен хаттарында қазақ тілінің элементтерін қолдану тұрақты сипат ала бастаған.

XVI-XVII ғасырлардағы қазақ әдеби тілін танытатын үлгілерге, бір жағынан, ақын-жыраулар туындылары, екінші жағынан, риторикалық туындылар (заң, дәстүр, мәдениет, мемлекеттілік және т.б.), үшінші жағынан, ауыз әдебиетінің лиро-эпостық, батырлар жыры сияқты түрлерінен басқа үлкен екі топтағы дүниелер жататыны белгілі [1. 108]. Оның біріншісі – алғашқы қазақ хандарының жарлықтары, бір-бірімен және өзге елмен арадағы қарым-қатынас қағаздары. Өйткені әрбір қазақ ханы іс қағаздары мен үкім-жарлықтарын жүргізіп отыратын, кеңсе хатшылығы қызметін атқаратын уәзір ұстап отырған. Екіншісі – тарихи шежіре сипатындағы тарихи туындылар. Бұл тарихи туындылардың қатарына Қадырғали Қошымұлы Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих», Әбілғазы Бахадүр ханның «Шежіре-и Түрки» сияқты туындылары жатады. Бұл еңбектер – жазба үлгілері болғандықтан, хатқа түскен кезеңдегі жазба дәстүрінің толық сақталып қалғандығымен ерекшеленеді [2. 110].

Қадырғали Қошымұлы Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих» атты шығармасын орыс ғалымы И.Н.Березин 1854 жылы Қазанда, Шығыс тарихшылар кітапханасы басылымдары қатарында алғаш рет жариялаған. Қадырғали бидің еңбегін қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уәлиханов XVII ғасырдан жеткен аса маңызды еңбек ретінде бағалап, ол туралы: «единственные памятники казахов... которая замечательна уже тем, что написано киргиз-кайсаком», – деген болатын. Сондай-ақ еңбектің қазақ халқының қалыптасу процесін, оның тілін және қазақ хан-сұлтандарының генеологиясын зерттеуде алатын орнын Ш.Уәлиханов дәл әрі жоғары бағалаған [3. 12].

Бұл әйгілі еңбек Кеңес дәуірінде де татар ғалымдары тарапынан

біршама зерттеліп, баспа бетін көрді. Ал бізде, яғни Қазақстанда, түшүсқа күйінде белгілі ғалым Р.Сыздықованың дайындауымен 1989 жылы «Ғылым» баспасынан жарық көрді. XVI ғасырдағы ескі қазақ жазба тілінен қазіргі қазақ тілінің біршама фонетикалық, лексикалық айырмашылықтары бар. Өкінішке орай, Қадырғали Жалайыридің 1602 жылы өз қолымен жазған қолжазбасы біздің заманымызға жеткен жоқ. Тек оның екі көшірмесі сақталған. Оның біріншісі – Санкт-Петербургте, екіншісі – Қазанда. Әрине көшірме болғандықтан онда ішінара кемшіліктер мен қателер кездеседі [3. 4]. Бұл жазба ескерткіш өз заманындағы Орта Азиялық жазба дәстүрінің негізінде жазылған. Сондай-ақ, Қадырғали би – сол тарихи кезеңдегі мәдени дамудың деңгейі мен сипатына сай жазба тарихпен қатар, тарихты жатқа айту дәстүрін де жақсы меңгерген автор. Ал, ол өмір сүрген тарихи кезең көпшелі түркі қоғамдарында қоғамдық-мәдени құбылыс ретінде ауызша тарих айту дәстүрінің гүлденген дәуірі еді. «Тауарихта» берілген шежірелік материалдар, атап айтқанда, түркі халықтары арасында кең тараған Едіге жайлы эпостан үзінді, пайдаланылған мақал-мәтелдер соның айғағы бола алады. «Тауарихтың» нақты аты белгісіз, кітаптың алғашқы беттері жоғалып кеткендіктен, И.Березин бұл еңбекті Рашид ад-Диннің «Джами'ат-Тауарих» атты кітабының түрікше аудармасы деп санап, жаңа кітаптың атын да солай атаған болса керек.

Әбілғазы Бахадүр хан еңбегінің кіріспесінде өзі жайлы былай дейді: «Құдай тағала мырзалық қылыш, маған біраз нәрсе берген. Мен әсіресе, үш түрлі өнерді жетік меңгердім. Біріншісі – әскери өнер, яғни әскерді басқару, оның тәртібі, т.т.; екіншісі – ақындық өнер, яғни түрлі өлең құрылысын сақтай отырып түрік тілінде месневи, қасид, ғазел, рубаят тәрізді өлең шығара алу; араб, парсы, түрік сөздерінің мағынасын жетік білу; үшіншісі – бұрын Арабстан, Иран, Тұран, Монғолияны билеген патшалардың өмірі мен мемлекеттік маңызды істерін, оларда болған ірілі-уақты оқиғаларды жатқа білу». Одан әрі Әбілғазы өз өнерлерінің дәрежесінен де хабардар ете келе: «...егер Иран мен Үндістанда менен асатын ақын не көп тіл білетін білімді адам жоқ десем, жалған айтқандық болар. Бірақ мен білетін мұсылман немесе мұсылман емес елдерде қазіргі кезде әскери өнерді менен жетік білетін ешкім жоқ» [4. 21], – дейді.

Бұл жазба ескерткіштердің тілі ерекшелігі жағынан X-XI ғасырларда қалыптасқан Орта Азиялық түркі, сондай-ақ ескі қыпшақ жазба тілі дәстүрінің негізінде туып, оның қазақ топырағында әрі қарай жалғасып, дамыған түрі болып табылады. Негізінен, қазақ әдеби тілінің тарихында сөйлеу тілі негізінде қалыптасып, осы ерекшеліктерімен поэзия мен шешендік сөздерде, ауызша әдебиетте өмір сүріп келді және жазба әдеби тілге негіз болды.

Әбілғазы Бахадүр хан және Қадырғали Жалайыридің еңбектерінде сөз тудырушы амалдардың синтетикалық және аналитикалық жолдары кездеседі. Олардың ішінде синтетикалық, яғни жұрнақ арқылы жаңа сөз жасау тәсілі

қолданылған. Жазба ескерткіштерде кездесетін есім сөз жасайтын жұрнақтарды топтасак, төмендегіше беруге болады:

**а) есімнен есім сөз жасайтын жұрнақтар:**

1. **-лық, -лығ/-лік, -лүк/-лүк, -лүг, -луғ/-луқ;** бұл жұрнақ негізінен, есім түбірден 1) дерексіз мәнді атауыштық ұғымды берген; 2) қатысты сындық ұғымды мағына берген; 3) іс-әрекет атауын, кәсіп иесін білдіреді; 4) белгілі бір жерге, мекенге қатыстылықты білдіреді; 5) заттың неге арналғанын білдіретін сөздер жасаған (*йарлық, шітлік, үйлүк, достлық, бұзқұлқ, йаманлық*, т.б.). «Түркі Шежіресінің» тарихи мәтіндерінде бұл жұрнақ былай кездеседі [4. 14]: –йеті арқадын бері *йарлық* йүзін көргенім йоқ... Оң хан бірлән Меркіт ханның арасында *достлық* бар ерді... Чыңғыз хан *йоқлықда* Меркіт халқының Чыңғыз ханның үйүні чапты...

Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да дәл солай қолданылған: –һәм жаддын *білмеклік* һәр пәндәсігә уажиб болғай... Ниһайат сыз ханлар султанлар өзіне *құллүк* қылдурғандын мурат ол турур... Шамал білә[н] жануб дын бу *һайбатлік* ләшкер ні көрмеділер... Уа Миср *қууатлық* уа *күчлүк даулатлық* ерділер бір біріне йағы ерділер...

Айта кететін жәйт, «Түркі Шежіресінің» кей жерлерінде зат есімнен сапалық сын есім жасайтын **-лы, -лі** жұрнағы да кездеседі, мысалы: **-ғақыллы** уа **еслі** уа **сарынжамлы** зағифа ерді... **Ғақыллы** уа **данышлы** уа көб **білікті** кіші ерді... Сұлтанлар қатында **намұссы** уа **арлы** йікітлердің йетміш йа сексен кіші қалды...

Бұл жұрнақтар «Жамиғат-Тауарихта» да кездеседі, мысалы: –йани тағны хақ табарак уа та’ала йерге басрүк қылыб тақы сенің *даулатлы* тақтың мамлакатка басрүк болғай... Йерлері йайлақ уа қышпақлары бисйар *белгілі* турур...

2. **-сыз/-сіз:** Бұл жұрнақ қазіргі тіліміздегідей шежірелерде де жасалған сөзінде белгілі бір қасиеттің (сапаның) жоқ екенін көрсетеді [5. 114]. Бұл жағынан ол жоғарыдағы жұрнақтың мағынасына қарама-қарсы болып келеді. Мысалы, «Түркі Шежіресінде»: –Чыңғыз хан **сансыз** черік бірлән келіб Хытайның бір ұлығ шахарыны алды... Дінмұхаммед бинахайат тентек уа **ғайратсыз** уа **намұссыз** кіші ерді...

«Жамиғат-Тауарихта» мысал: **-Китаб сыз** қаум дын ерділер... **Хисабсыз** уа һәр не чақлы ол маруард ерді... Алан Қуа нечә мадат дын соң **ерсіз** тул ерді...

3. **-чы/-чі:** Бұл жұрнақ «Түркі Шежіресінде» қазіргі қазақ тіліндегідей, өзі жалғанған есім сөзіне мамандық кәсіп иесі мағынасын берген (*етүкчі, мылтықчы, йылқычы, елчі, шікічі*, т.б.): –Чыңғыз ханға **елчі** йіберді... Керейт Бөке жирен текеннің **йылқычысы** ерді... Аны бек қылдым бір йікітні **дастарханчы** қылдым... Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да сөз жасауда өнімді тәсіл ретінде көрінеді. Бұл жұрнақпен келген сөздер істің иесін, іс-әрекетті жасаушыны білдіреді, мысалы: –андын соң Жочи Қасар өз тілідін Оң

ханға *елі* йіберді... йүзлер Елтемүр *баурчы* шул қаум сунит, шул Бөртө фужин нің ордусунда ерді... [6. 110].

Жалшы бұл аффикс – Орхон-Енисей жазбаларынан бері қарай түркі тілдерінің бөрінде дерлік кездесетін көне тұлға. Қазіргі қазақ тілінде термин жасау қызметімен байланысты өнімділігі өлшеусіз өскенін байқаймыз.

4. *-дап/-тап* жұрнағы «Түркі Шежіресінде» өте сирек кездеседі (*қарындаш, йолдаш...*) [7,6-8], мысалы: -барча өзінің *қарындашы* Чыңғыз ханны йаш білділер... Қалың қамышның ішінде олгүрүб түрүр мұны көрді тақы *йолдашларына* қычқырды... Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» екі сөзде ғана кездеседі [8,115], (*қарындаш, емелдеш*) олар: -Өз *қарындашларын* уа улуғларын орунға олгуруб барчасына хал атлар суһурғаллар берді...

5. *-(ы) рақ /-(і) рек* жұрнағы өзі жалғанған сөздегі сапа шамасының көптігін білдірген және көп қолданылған (*ілгерірек, көбірек, йахшырақ, қарарақ*, т.б.). «Түркі Шежіресіндегі» қолданымына мысал келтірейік: -*көбірегі* менің нөкерім ерді... Адамның бейішке барыб қайтара келгені айдын *раушанырақ* уа афтабдын *мәшһүрірек* түрүр... Мағлұм болсұн кім Бату хан ның Мажар уа Башқырд уа Рус уа Корел уа Неміш бу йүртларыны алғаны уа өзінің офат болғаны мұндын *төменірекде* айтылып түрүр... Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да молынан қолданылған, мысалы: -Анларның қасраты өнгін қаумдын *арғуқрақ* болды... Келіндін бу екі келін пакиза *арурақ көрклүкрақ* турур...

*ә) етістіктен есім сөз жасайтын жұрнақтар:*

1. *-ық/-ік, -үк/-үк, -к:* Бұл жұрнақ «Түркі Шежіресінде» етістік түбіріне жалғанып, бірде зат есім, бірде заттанған сын есім туғызады (*йүмүк, йүкүрүк, тірік*, т.б.).

-Дүкірнің мағынасы *түкірік* темек болтур... Бір қолы *йүмүк* ерді... Оғыз ханның ләшкерінің қолына ол чақлы *өлүк* мал түшді...

«Жамиғат-Тауарихта» бұл жұрнақ *-уқ* түрінде кездеседі. Бұл жұрнақты ғалымдардың көпшілігі қимыл есімін берген *-у* тұлғасының алғашқы варианты деп қарастырған.

Қазіргі тіл тұрғысынан қарағанда, қимыл есімін берген *-уқ, -уғ* аффикстерінің қолданысында саралану процесі жүрген; қимыл есімін және етістіктерден сындық мәнді сөздер тудырушы аффикстер қалыптасқан, мысалы: -Жалайыр Қайдуға қисас қылыб ол сабабдын анлар өзгә жалайыр дын *арғуқ* ерді... Бу Чарақа Ликум хытай уилайаты ларына *йауық* ерді... Бұл жұрнаққа ұқсас *-ек* жұрнағы тек *бөлек* сөзінде кездеседі [9,651], мысалы: -Бір *бөлек* сығырны күтүб башына отлар сечек лер санчыб турур...

Жұрнақ бөл етістігінен сындық мәнді туынды сөз жасап түр. Бұл жұрнақ да *-уқ, -уғ* жұрнақтарының бір варианты болса керек.

2. *-ын/-ін, -н:* «Түркі Шежіресінде» бұл жұрнақ *сауын, егін, боран* сөздерінде ғана кездеседі, мысалы: -Тағларының ішінде йүрт қылыб олгүрдылар *егін* егерлер ерді... Ұғлан бір йашқа йетді ерсе Қарахан елге *сауын* салды... Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да кездеседі, мысалы: -Бу

сабабдын аның көңлі бізге йаман болды уа ол келін *йашурун* худаЙға иман келтүрді... Булар Кем суы бойында *йығын* қылды лар...

3. -үш/-үш, -ыш/-ш, -ш жұрнағы етістіктен дерексіз зат есім жасайды. (*үрүш, көрініш, батыш, талаш* т.б.) Мысалы, «Түркі Шежіресінде»: -Әбусағид мырзаға *көрүнүш* қылдырды... Екілерінің арасында *үрүш* уа *талаш* бар ерді... Оқны күн *батыш* тарафыға қойғыл теді...

Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да етістіктен есім сөз жасау қызметін атқарады, мысалы: -Йафес ні күн *туғыш* таба йіберді... *Уруш* йарағын қылыб тайжут қа аңлар білән өнгө қаумлар һәм біргө ерді...

4. -ғучы/-ғучі жұрнағы тұйық етістік тұлғалы сөздерге жалғанып, қимыл иесін білдіреді. Мысалы, «Түркі Шежіресінде»: -Йахшы іш *қылғучы* темек болур... Бұл жұрнақты -у және -чы (-шы) жұрнақтарының қосындысы ретінде күрделі жұрнақ деп қарауға болады [5,110]. «Түркі Шежіресінде» -у жұрнағы арқылы жасалған есімдер де өте сирек кездеседі, мысалы: -Ол өзіне тағалшық кіші бірлән Самарқанддан чықыб *йасау* йасап үрүшты... Бұл -у жұрнағымен қатар, етістікке жалғанып, есім сөз жасайтын -мақ, -мек жұрнағы да кездеседі: -Бір күн қазы ның уа‘азыны *сиптімек* үчүн хан уа‘аз мәжілісіке барды... Бу йерде екісін бір қoшуб бір *айтмақ* зарур ерді... һеч кішіке тараф тұтмай көркіл *темек* болур... Бір іш *башқармақ* қолұндын келур...

-ғучы/-ғучі жұрнағы «Жамиғат-Тауарихта»: -ма‘ни Қырылтуқ хаст *қылғучы* болғай... Уа фарман *берғучі* лер тамамы аңларның нәслі турур... Сонымен қатар, -у жұрнағымен қатар есім сөз жасайтын -мақ, -мек жұрнағы да кездеседі, мысалы: -жаһат аңа ат *атамақ* та кеңештілер... Оң хан ның оғлы йашурун Бамуқа сечен білән Чиңгиз хан ға қасд *етмекке* йаман кеңеш қылды... түрінде қолданылған.

5. -уыл/-уіл, -ағұл/-ұғұл жұрнағы етістік түбіріне жалғанып, белгілі бір мамандық иелерін немесе қызмет түрлерін білдірген (*қарауыл, йортағұл, ереуіл, чапұғұл, сұрауыл* т.б.). Мысалы, «Түркі Шежіресінде»: -Бір күн йікірма кіші һазарасыбға *йортағұл* йібердім... Елге *сұрауыл* йіберур... Ол қайтыб йеріне бармасдын бүрүн он беш кіші чапты бізнің *ереуіл* аңда қайтарды... Бұл жұрнақ «Жамиғат-Тауарихта» да қолданылған, мысалы: -Ол *қарауыл* Чиңгиз хан дын қачды... Екі мың кіші бірлән Токучар баһадурны *боқаул* қылды...

**б) Бірігу және қайталануы арқылы жасалған сөздер:**

Жазба ескерткіштердегі сөз тудыру амалдарына сөздің бірігуі немесе қосарлануы арқылы жаңа сөз жасау да жатады. Кейбір сөздер шет тіл сөздері немесе шет ел сөзі мен түркі сөздерінің бірігуі арқылы жасалған. Мысалы, «Түркі Шежіресінде»: -Йауға баһадүр *жуанмөрд* һеч мал сақламас ерді... Мұндағы *жуан* (*жеван*) – парсыша жігіт те, *мөрд* – мырза деген сөз. Ал сөздің қосарлануы жиі кездеседі. Қос сөздердің арасы қазіргі емле заңдылығындай сызықша арқылы жалғаспай, көбінесе *уа* жалғаулығы арқылы қос сөз жасалып отырған: *йахшы уа йаман, ыссық уа сауық, ачық уа*

*сачық, үміт уа арман, еш уа дост, уруш уа талаш, ғизат уа хұрмет* т.б. Кейде жалғаулықсыз қатар қолданылған қос сөздер де кездеседі. Бірақ айтарлықтай көп емес (*ат тон, ұбай жұбай, қачқан босқан, кіресілі шығасылы* т.б.). «Түркі Шежіресінде» аз да болса, қос сөздердің қайталама түрі де кездеседі (*бара бара, пара пара* т.б.).

«Жамиғат-Тауарихта» бірігу арқылы жасалған сөздердің көбі жалқы есімдерден тұрады (*Самарқанд, Құмкент, Қызылбаш, Чынгемүр, Тоқтемүр, Хақназар* т.б.). Сонымен қатар, ескерткіштегі кісі аттарының қазіргі қазақ есімдерімен сәйкестігі байқалады. Қайталау арқылы жасалған сөздер: *уруғ уруғ, йурт йургунда, саф саф, башқа башқа, чукур чукур* т.б.

Қосарлану арқылы жасалған мәндес сөздер бір ұғымды білдіретін, бір компоненті өзге тілден, екіншісі түркі немесе керісінше алынған сөздерден құралған, мысалы: *уғры қарақчы, хал қууат, хукмі йарлығы, құт насрат, ат улақ* т.б. Қосарлану арқылы жасалған қарсы мәндес сөздер 1) жинақтау, жалшылау, 2) қайталау және 3) күшейту мағыналарын береді [7,106], мысалы: 1) *улуғ кічіг, аға іні, ата ана*, 2) *барыш келіш, отруш тұрыш*, 3) *кечә күндіз* т.б.

Жоғарыда аталған сөз жасайтын жұрнақтардың барлығы дерлік қазіргі қазақ тілінде бар. Бірақ қайсыбірінің қолданылу жиілігі артып, кейбірі өнімсіз жұрнақтарға айналған. Әбілғазы Бахадүр ханның «Түркі Шежіресі» және Қадырғали Жалайыридің «Жамиғат-Тауарих» атты еңбектерінің тілдік жағынан сол кездегі өзге ортағасырлық жазба ескерткіштерінен өзіндік ерекшеліктері бар. Өйткені, жоғарыда айтқанымыздай, авторлар өз шығармаларында араб, парсы сөздерін, сол тілдерге тән сөйлем құрау және сөз тіркестіру амалдарын пайдаланбауға тырысқан. Екеуі де барлық түркілерге түсінікті тілде жазуды мақсат еткен. Бұл екі жазба ескерткіш тіл ретінде ескі қыпшақ тілін негізге алған тәрізді. Қыпшақ тобының ішіндегі қазақ тіліне мейлінше жақын, түсінікті болып келетіндігіне дау жоқ.

Ескі қазақ жазба тілінде қолданылған сөзжасам жүйесі мен ерекшеліктерін зерттеудің, басқаша айтқанда, қазақтың ортағасырлық жазба ескерткіштер тіліндегі сөзжасам үлгілері мен процесін ашу және оның кейінгі кезеңдегі жалғастығын анықтап көрсету өте маңызды іс.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1993.
2. Исаев С. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы, 1996.
3. Қадырғали Жалайыри. Шежірелер жинағы. – Алматы, 1997.
4. Әбілқасымұлы Б. Әбілғазының «Түркі шежіресі» және оның тілі. – Алматы, 2001.
5. Eckmann J. Horezm, Kıpçak ve Çağatay Türkçesi üzerine araştırmalar. – Ankara, 1996.
6. Сыздықова Р. Язык Жами‘ат-тауарих Жалаири. – Алматы, 1993.
7. Әбілқасымов Б. Түрік шежіресі. – Алматы, 1995.
8. Кононов А.Н. Родословная туркмен. – Москва, 1959.

9. Институт языкознание СССР. Древнетюркский словарь. –Ленинград, 1969.

10. Қордабаев.Т. Тарихи синтаксис мәселесі. –Алматы, 1965.

REZUME

Е. Omirbaev (Almaty)

PECULIARITIES OF WORD BUILDING IN THE OLD KAZAKH  
LITERARY TEXTS

The article deals with the peculiarities of name word building in the old Kazakh literary texts, in “Turki Shezhiresi” by Abilgazy Bakhadur, and “Zhamigat- Tauarikh” by Kadyrgali Zhalair, which are close to the Kazakh language and belong to the Kypshak language group among the medieval literary works.